



Құттықтау!

**ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!
ҚЫМБАТТЫ ӘЛЕУМЕТ!**

Сіздерді Құрбан айт мерекесімен құттықтаймын! Құрбан айт мерекесі – ежелден мұсылман қауымының бейбітшілік, бірлік, мейірімділік пен өзара көмек сияқты адами құндылықтарды нығайтатын ең басты мерекелерінің бірі.

Қазақстан Республикасы – әрбір азаматтың ар-ождан бостандығына кепілдік берілген және барлық конфессия ұстанушыларының заң алдында теңдігі қамтамасыз етілген зайырлы, демократиялық мемлекет.

Зайырлы қоғам және жоғары руханилық – біздің басты құндылықтарымыз.

Бірлік және келісім – Қазақстан дамуының негізі. Ел тәуелсіздігі мен табыстарының сақталып дамуы біз үшін маңызды.

Ұлық мереке құтты болсын! Қасиетті күндердегі ізгі амалдарыңыз бен ниеттеріңізді Алла қабыл етсін!

Құрбан айт әрбір отбасына амандық, елімізге бірлік пен ынтымақ әкелсін!

Құрбан айт мұбарак болсын!

**Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қ. КӨШЕРБАЕВ.**

SUNBAT |

Мемлекет басшының «100 нақты қадам» – Ұлт Жоспарының 80-ші қадамында айтылғандай, еліміздің денсаулық сақтау саласының қызметі Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі негізінде іске асырылуда.



МӘМС: ЖАҢА ЖҮЙЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі» туралы заң 2015 жылдың 16 қарашасында қабылданды. Осы Заң аясында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ (әрі қарай Қор) құрылды. 2017 жылдың маусым айында аталған қордың филиалдары еліміздің әрбір облыстарында ресми түрде ашылды. Шілде айынан бастап жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер және азаматтық құқықтық шарт арқылы жұмыс атқаратындардан аударымдар мен жарналар тұрақты аударылып келеді. Осы орайда жүйеге енгізілген өзгерістер мен

бүгінгі жұмыс барысы туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовпен сұхбаттасқан едік.

Бақыт Торғайбайұлы, өткен жылдың шілде айынан бастап жұмыс берушілер мен кәсіпкерлер және азаматтық құқықтық шарт арқылы жұмыс жасаушылар тұрақты түрде жарна төлеуге кірісті. Бірқатар өзгерістер енгізілгенінен хабардармыз. Нақты қандай өзгерістер орын алуда?


2-бет

BÜGINGI SANDA



**ЕРТЕ
ҚАМДАНҒАННЫҢ
ЕСЕБІ ТҮГЕЛ**

2 >>>



**ҰЛЫ ҒИБАДАТТЫҢ
ШАПАҒАТТЫ
ШАҒЫ**

3 >>>



**АЗИАДА
АЛАМАНЫ**

4 >>>

IGILIK |

БАЛАМАЛЫ ҚУАТ – ШАРУАШЫЛЫҚТАРҒА ШУАҚ



Еліміз «Жасыл энергияға» көшуді пәрменді түрде қолға алды. Бұл бағытта Сыр елінде атқарылып жатқан жұмыстар баршылық. Әсіресе иен даладағы шаруашылықтар жылдамдығы жоғары желдің күшін игілікке жаратуда. Бұл орайда қармақшылық Абзал Жақсылық тәжірибесін сөз етті.

– Бұрын қаншама бензогенераторымыз бір жылға шыдас бермей күйіп кетіп жататын. Оны пайдаланарда жанармайға тағы бір шығындаласыз. Қандай да бір оңтайлы жолын қарастырумен болдым. Ұзақ уақыт ойлана жүріп, желден

энергия алатын құрал туралы зерделей бастадым. Тиімділігі орасан екенін түсініп, сатып алдым. Сонан соң тұғырына труба жалғап, ұзартып қойдым. Жоғарылаған сайын желдің жылдамдығы арта береді екен. Бұл энергияны көп мөлшерде өндіру

деген сөз. Қазір жарық мәселесі шешілген. 230 амперлік екі аккумуляторды кезек-кезек қуаттап алып отырмыз. Екінші жылға кетіп барды. Май-су сұрамайды. Бұрынғыдай дарылдап шығатын дауыс та жоқ, жанармай тасып шаршаймайсың. Енді күннен энергия алатын құрылғыларды алуды көздеп отырмыз. Бұйырса, ол мақсатқа да жетеміз, – дейді Абзал.

Осылайша Төрбай би ауылындағы «Шабан-Ата» шаруа қожалығы желден энергия алып отыр. Шаруашылықтың ісін жүргізіп, ата жолын қуған Абзал құрылғыны қолдануды жетік меңгеріп алған. Жел күшейіп, энергияны көп беріп жатса, дереу ажырата қояды. Енді энергияны көп қажет ететін мұздатқышты жұмыс істету қажет. Ол үшін аккумулятор санын көбейту керек екен.

– Қазір жел энергиясы арқылы жарық пен теледидарды, телефон қуаттағыштарды ғана пайдаланып отырмыз. Мұздатқышқа жете қойған жоқпыз. Бірақ оны да істеуге болады, – дейді шаруа.

Бұл күнде шаруашылықтың түр-түрін қолға алған қожалықта мүйізді ірі қара мен жылқы малы бар. Одан бөлек, 20 гектар жерге бақша өнімдері, 22 гектар мақсары, 50 гектардан астам жоңышқа өсіруде. «Сыбаға» бағдарламасы арқылы сиыр алып, «Құлан» бағдарламасымен жылқы өсіріп отыр. 1998 жылы құрылған шаруашылық биыл 20 жылдығын да тойламақ. Бұл қожалықта бірнеше отбасы несібесін айырып келеді. Әйткенмен, малыш табу қиындап барады екен.

– Мәселен, біз малыш алсақ, сиырдың сүтін өзі пайдаланады, жем-шөбін сақдай-сай қылып береміз. Барлық қажеттілігін қамтимыз, жалақысы тағы бар. Жақсы пайда таба алады. Бірақ соған адам табу қиын. Осы мәселе болмаса, басқасының барлығы жолға қойылған, – деді тағы бір сөзінде Абзал.

Ауласында желдеткіш айналып, энергия өндіретін шаруашылықтың бүгінгі ісі өркен жайған. Желдің өзін пайдаға жаратқан берекелі іске «бәрежелді» дестік.

Желді қөдеге асырған Абзалдан бөлек жаңақорғандық кәсіпкерлер күн энергиясынан қуат алып отыр.

Мәселен, Жайылма елді мекеніндегі «Ақбота-2» шаруа қожалығының төрағасы Қайрат Мұсатаев күн энергиясынан қуат алатын қондырғы орнатқан. Төрт түлкіті

түлетіп жүрген азамат осылайша жаңа технологияға мән беріп, қажетіне жаратуда.

Қожалық «Ескітоған» жайлауында. Басына төрт бөлмелі үй салған. Онда үйге қажетті техникалық бұйымдар күн энергиясы көзінен қуат алатын қондырғы арқылы жұмыс жасайды.

– Жаңақорған жері – баламалы қуат көзін алуға таптырмас мекеннің бірі. Оған жыл он екі ай мүмкіндік бар. Рас, қуат көзін алу үшін бастапқыда шығын шығаруға тура келеді. Десе де, кейіннен сол игіліктің жақсы тұстарын көресің. Қазір күн батареясынан жиналған энергия қосымша орнатылған 6 қуат жинағыш құрылғыға жетеді. Сол арқылы қуат көзін аламыз. Бұл бізге өте тиімді, – дейді Қайрат.

Қожалық басшысы жабдықтарды Қызылорда қаласынан сатып алған. Оны мамандар арнайы келіп орнатып беріпті. Осылайша 8 дана күн энергиясының панельдері энергияға деген сұранысты арылтқан.

Осындай игілікке аталған ауданның Қыраш ауылында тұратын Жалбызбай Итайқов та қол жеткізіп отыр. Ол баламалы қуат көзінен алатын энергия арқылы үлкен аумақты жасыл баққа айналдырған.

Ауданда алғаш болып, күн энергиясынан қуат алатын батареяны орнатқан Жалбызбай Итайқов құдық моторынан бастап, үйге қажетті жарықтандыру жұмысының барлығын осы қуат көзімен қамтамасыз етуде.

– «Мал баққанға бітеді» демекші, ертелі-кеш түлкітің қамын жасап, шаруашылыққа айналдырдық. Одан кейін жеміс талдарын бақ еттік. Ендігі кезекте, ағымына ілесіп, заманауи технологияларды ауылға икемдеп, баламалы қуат көзін пайдаланып жатырмыз. Бұл, елсіз жерде, шаруа баққан жаңа таптырмас мүмкіндік екен, – дейді шаруашылық иесі.

Әзірге қолда бар дүниемен қарекет жасап отырған қожалықтардың қарқынды ісі қуанарлық, көпке үлгі боларлық.

Елбасының жыл сайынғы Жолдауының өзегі де осы өзгеріске қамдануды қалайды. Яғни, жаңа технологияларды барынша ілгерілету – бүгінгі бәсекеңіз басты талабы. Өйткені, баламалы қуат көзі – тығыздықтан шығар шұақ көзі.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».**

KÁSIP |

ШИЖАҒАДА КӘСІП ШИРАЙ ТҮСТІ



Облыста былдан бастап жаппай кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарына басымдық беріліп, кәсіпкерлікті қолдау мерзімі үш жылға ұзартылды. Бұл ең алдымен салық базасының ұлғаюына, екіншіден жаңа жұмыс орындарының құрылуына мүмкіндік береді. Бүгінде ауылдық жерлерде де мемлекеттік қолдау көмегімен кәсіп ашып, идеясын игілікті іске айналдырған азаматтар қатары артып келеді.

Соның бірі – Арал ауданындағы Октябрь ауылдық округінің Шижаға тіректі елді мекені. Екі мыңнан аса тұрғыны бар ауылдың негізгі кәсібі – мал шаруашылығы. Далалық жердегі ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, кооперативке айналдыру ауыл шаруашылығының өз деңгейінде дамуына жол ашады. Шижағада бұл бастама тиімді іске асуда. Жекеменшік мал өсіретіндердің шығынын азайтып, табысын еселей түсу мақсатында құрылған «Шижаға 16» кооперативі қазіргі кезде 53 ұсақ қожалықтың басын біріктірді. Өткен жылы кооператив құрамындағы 19 кәсіпкер мемлекеттік қолдаудың игілігін көріп, жеңілдетілген несиеге қол жеткізген.

Елбасы халыққа арнаған бір сөзінде «Боинг» ұшағын құрастырып америкалықтардан, «Мерседес» шығарып немістерден оза алмайтындығымызды айтқан болатын. Ұлан-ғайыр жері бар Қазақстанда әлемдік нарыққа еркін шығатын бір жол бар, ол ауыл шаруашылығы деді. Шынымен де, ата кәсібі төрт түлкіпен байланысты қазақ жұрты, бүгінде шағын несие көмегімен мал шаруашылығын дамытуға басымдық берді. Мұндай бастама Шижағада да ширай түскенін байқадық.

– Биыл «Нәтижелі жұмыспен

қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2018-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» қорына түйе малын өсіру бағыты бойынша 2 жоба ұсынылды. Жуырда Әбу Минәсіповтің жобасы қолдауға ие болып, 2 млн теңге қаржыға қол жеткізді. Сондай-ақ «Бастау Бизнес» жобасымен жылқы өсіру бағыты бойынша және тігін цехын ашу жобалары комиссия қарауына ұсынылып жатыр, – дейді ауылдық округ әкімі Нұрбек Жандәулетов.

Тіректі елді мекенде «Гранттық қаржыландыру» жобасы аясында 3 жоба ұсынылып, Ерболат Абдулаевтің «Вулканизация ашу» бастамасы 700 мың теңге көлеміндегі қайтарымсыз

қаржыға ие болған.

Қазіргі кезде кәсіпкерлікке ниеттілермен қатар ауылдан түлеп ұшқан азаматтар да Шижағадағы қызмет көрсету саласын дамытуға басымдық берген. Айталық, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Сәдуақас Бабаев жастардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін жаңа спорттық кешеннің жобасын, құрылыс бағасын, жобалық зерттеу және мемлекеттік сараптама жұмыстарын өз қаражаты есебінен жасап беруде. Елге белгілі спорт санлақтарының басым бөлігі ауылдан шығатынын ескерсе, бұл істің сұранысқа орай ұтымды ұсыныс болғаны анық.

«Жұмысы жемістінің өмірі келісті». Бүгінге дейінгі тәжірибелер көрсеткендей, Шижағада да шағын несиеге қол жеткізген азаматтардың бизнесі береке мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашатыны даусыз.

**Айдана ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы».**



АҮДАНДАРДАН АҚПАРАТ І

ЖАҢАҚОРҒАН

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҚЫРАҒЫ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов жұмыс сапарымен Жаңақорған ауданында болды. С.Сүлейменовтің төрағалығымен өткен жиында Жаңақорған кентіндегі құрылысы жүріп жатқан ауыз су жүйесі, газдандыру, алдағы жылу маусымына дайындық жұмыстары, электр энергиясымен қамтамасыз ету, құрылыс, жол қозғалысы, әскерге шақырту бойынша ауданда жасалып жатқан жұмыстар кеңінен талқыланды. Жиын соңында қозғалған мәселелер қорытындыланып, тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

ШИЕЛІ

СУ МӘСЕЛЕСІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Ауыл шаруашылығы министрілігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев аудандағы Сырдария өзенінің су мәселесімен танысты. Қазіргі таңда Сырдария өзеніне 100 текше метр су түсіп жатса, алдағы уақытта 450 текше метрге дейін көтеріледі. Сонымен бірге ауданға сыйымдылығы 600 млн текше метрлік «Құмискеткен» су қоймасын салу жобасы тағы бір мәрте пысықталды. Бұл жоба іске асқан кезде су тасқынының алдын алуда және су тапшылығын болдырмауға үлкен мүмкіндік беретін болады.

СЫРДАРИЯ

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ АУДАНДА БОЛДЫ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Балайым Кесебаева Қалқан ахун ауылында азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдады. Мұнан соң, Тереңөзек кентіне кіреберісте бой көтеріп жатқан 18 және 24 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй құрылысымен танысты. Сондай-ақ, аудан орталығындағы «Парасат» алаңы мен «Еңбек даңқы» мұзейінің қызметі назарға ұсынылды.

ЖАЛАҒАШ

КЕЙУАНА КИІЗ БАСЫП, КІЛЕМ ТОҚИДЫ

Білесіз бе, еліміздегі ең егде қолөнер шеберінің бірі Жалағаш ауданында тұрады. Кейуана 11 құрсақ көтерген. 96 жасқа толған Өтеш Тасжүрекқызы әлі күнге дейін тұс киіз басып, кілем тоқиды. Жүннен жіп иіріп, одан түрлі үй жасауларын дайындау арқылы кезінде тұрмыстық керек-жарақты қамтамасыз еткен. Тіпті соғыс жылдары сарбаздарға арнап қолпап, шұлық та дайындаған екен.

ҚАРМАҚШЫ

СПОРТШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Аудан әкімінің уақытша міндетін атқарушы Ә.Қошалақов Спорт күні кәсіби мерекесіне орай сала ардагерлері мен спортшыларды қабылдап, құттықтауы жеткізді. Бұқаралық спорттың дамуына үлкен ықпал еткен ардагер спортшы Серік Құлмырзаевқа министрлік төбелсіздік табыстады. Шара барысында «Алтын күз» спартакиадасында топ жарған командалар мен аудан мақтанышына айналған спортшылар марапатталды.

ҚАЗАЛЫ

ЖАҢА МЕШПТІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Қашанда жарқын істердің жаршысы болып жүрген Жанқожа Батыр ауылында жаңа мешіттің іргетасы қаланды. Бұл шараға аудан әкімінің орынбасары Ә.Жарлықағанов, аудандық білім бөлімі басшысының кеңесшісі А.Бөлекбаев оқушылар мен ұстаздарды алда келе жатқан жаңа оқу жылымен құттықтады. Ақция аясында 110 балаға оқу құралдары табысталды. Аудан бойынша білім беру мекемелерінде өткізілген ақцияда 840 балаға жақетті кімдер мен оқу құралдары берілді. Ақция әлі де жалғасын табады.

АРАЛ

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ЖАЛҒАСУДА

Биыл «Мектепке жол» ақциясы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» ұранымен өткізілуде. Ақцияның ашылуы Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейінде өткізілді. Қайырмдылық шарасында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының бірінші орынбасары Т.Қанатов және аудандық білім бөлімі басшысының кеңесшісі А.Бөлекбаев оқушылар мен ұстаздарды алда келе жатқан жаңа оқу жылымен құттықтады. Ақция аясында 110 балаға оқу құралдары табысталды. Аудан бойынша білім беру мекемелерінде өткізілген ақцияда 840 балаға жақетті кімдер мен оқу құралдары берілді. Ақция әлі де жалғасын табады.

Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы».

ӨҢІРЛІК ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ

«Нұр Отан» партиясының облыстық филиалында «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМҚ Қызылорда филиалының ұйымдастыруымен «Кәсіпорындарға сапа менеджментін енгізу» бойынша өңірлік оқыту семинары өтті. Оған облыстағы бизнес-қауым мен мемлекеттік мекемелерден 100-ден аса өкіл қатысты.

Семинарды техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс бойынша департамент басшысы Ерқанат Кеуілжаев ашып, шараның маңыздылығына кеңінен тоқталып өтті. Оның айтқанына, бірінші экономикалық кеңістік аумағында нақты және қалыптасқан қазақстандық бизнес орталықтарынан өз орнын табуға мүмкіндік беретін, халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес отандық кәсіпорындарға сапа менеджментін енгізудің және сертификаттаудың санын арттыру керек. Сонда біздің отандық кәсіпорындар жоғары талаптарға сай жұмыс атқаратын болады. Оқыту семинарына «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМҚО филиалының директоры Сәкен Бейсеев баяндама жасады. Ол еңбекті қорғауды басқару жүйесі, пайдалануға арналған нұсқаулыққа қойылатын талаптар және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару, азық-түлік тізбегінде кез-келген ұйымға қойылатын ережелер туралы қамтыды.

Сонымен қатар қатысушылармен еркін пікір алмасып, қызықтықтар сауалдарына жауап берді.

«Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» РМҚ Қызылорда филиалының директоры Гүлнәз Шарапатта өз пікірін білдірді. «Бұл оқыту семинарының маңызы зор. Дәрісті білікті маман беруде. Семинардың негізгі маңызы техникалық реттеу және метрология саласында 2020 жылға арналған кешенді жоспарын дамыту, бюджеттік бағдарлама бойынша сапа менеджменті жүйесін бүгінгі отандық кәсіпорындарға енгізу. Қазіргі таңда облыс бойынша 400-ден аса кәсіпорын мен мекеме осы сапа менеджменті жүйесі бойынша стандарттау жүйесіне енгізу үшін жұмыстар жасап жатыр. Енді олардың санын көбейту көзделуде», - деді ол.

Семинарда қатысушыларға арнайы сертификат табыс етілді.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР!

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік инспекторы Тілеуш Нұрлан Шаймерденұлы 2018 жылғы 3 қыркүйекте сағат 15.00-де Облыс әкімінің ғимаратында (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №1, Б-блок, 1-қабат, №140 бөлме) азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Азаматтарды қабылдауға алдын ала жазу 8 (7242) 40-11-91 (7051) телефоны арқылы жүргізіледі.

Мәскеу әкімінің аппараты.

ЕРТЕ ҚАМДАНҒАННЫҢ ЕСЕБІ ТҮТЕЛ

Ауыл шаруашылығы саласы – ауыл экономикасының басты тірегі.

Ел байлығының негізі саналатын саланы жаңадандыру, оған жаңа технологиялар енгізу, агроөнеркәсіп кешенін ғылымға негіздеу жайы – Елбасының назарындағы мәселе. Мемлекет басшысы жыл сайынғы Жолдауларында саланы дамытудың жолдарын айқын көрсетіп келеді.

Аграрлық саламен қатар өнеркәсіпті де өрістетіп келе жатқан Шиелі ауданы ауылшаруашылық бөлімінің мәліметтеріне назар аудардық. Үстіміздегі жылдың алғашқы жартыжылдығында аудан бойынша, барлық төрт түлік мал санында өсім бар. Атап айтсақ: мүйізді ірі қара 55688, қой мен ешкі 91041, түйе 1469, жылқы 14925 бас және аудандағы құс саны 38091-ге жетіп отыр. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара – 113,7%, қой мен ешкі – 110,7%, түйе – 104,7%, жылқы – 107,9% және құс – 140,5%-ке өскен. Мемлекеттік қолдаудың арқасында асылтұқымды ірі қара 602 басқа, асылтұқымды қой 8272 басқа, жылқы 144 басқа және түйе 380 басқа жеткен көрінеді. Алдағы уақытта мал басын молайта отырып, олардың амандығын да назарда ұстау қажет. Оның бір жолы – жаз айларында мал азығының берік қорын жасау екендігі түсінікті. Бұл шаруа қандай дәрежеде атқарылып отыр? Мәліметке назар аударып көрейік. «2018-2019 жылдың қысына мал азығының қорын жасақтау мақсатында шөп дайындау межесі 113 мың тонна болды. Қазіргі таңда жоңышқа шөбінің екі орным орлып дайындалды, орта өнім гектарына 70 центнерді құрады. Аудан бойынша барлығы 70,2 мың тонна шөп жиналды.

Оның ішінде жоңышқа 33 мың тонна, табиғи шөп 37 мың тонна. Бүгінгі күнге жоспар 62%-ке орындалып отыр. Шаруалар мал қыстауға арналған қоржайын әзірлеп, дайындық жүргізуде», - дейді ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары. Мал азығын дайындау науқанында Ақмая, Төңкеріс, Видайкөл шаруа қожалықтары қалыпты еңбек ұйымдастыра біліп, аудан бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді. Өзгелерінің де осы озық шаруашылықтар қатарына теңелуге күш салғаны артық болмас еді. Биылғы жылы ауданда 9904 гектарға мал азықтық дақылдар егілген екен. Оның ішінде 3035 гектары жаңа жоңышқа, 6869 гектары ескі жоңышқа. Алайда, жоңышқа бағасы жылдағыға қарағанда анағұрлым жоғары. Кіші тайланған шөп бумасы 350-380 теңгеге саудаланады. Өткен жылы баға



280-300 теңге болған еді. Табиғи шөбіңіз де 300 теңгеге маңайлайды. Демек, екі шөптің көлемін қысқартпай, арттыра түсу шаруашылықтар үшін пайдалы болмақ деген сөз. Бұл ертенгі күннің бір бағдары десек, артық болмас. Иә, тамыз айыңыз да тәмамдалуға ай-

налды, ұзамай күріш орағы басталады. Сондықтан шаруашылықтар мен жеке қожалықтар үшін мал азығын дайындау бағырында шалт қимыл қажет екендігі түсінікті.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, Шиелі ауданы.

«МӘМС» заңына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін жарналар мен аударымдар 5 түрлі форматпен жүргізіледі. Олар: әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға мемлекеттің жарнасы; жұмыс берушінің әрбір жұмысшыға аударатын аударымдары; жұмыскерлер жарналары; жеке кәсіпкерлер жарналары (2 ЕТЖҚдан) және Белсенді емес тұрғындар (1 ЕТЖҚдан).

2017 жылдың шілде мен желтоқсан айларында жұмыс берушілер жұмыскерлеріне айлық табысының 1% көлемінде өз пайдасынан төледі, ал жеке кәсіпкерлер сол жылғы ең төменгі айлық жалақының 2 еселенген мөлшерінің 5%-і көлемінде және азаматтық құқықтық келісім-шарт негізінде жұмыс атқаратындарға айлық табысының 5%-і көлемінде жарна мен аударымдар аударып отырды. Әлеуметтік қорғалмаған

ша айлық жалақының 4% көлемінде жарна аударды («МӘМС» заңының 26-бабы 2,3 тармақтары бойынша), жұмыс беруші жаламалы жұмыскерлердің табысынан алынатын жарнаны ұстап қорға аударым отырды (2020ж – 1%, 2021ж – 2%). Аята кету керек, қазіргі кезде арнайы Денсаулық сақтау заңына және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру заңдарына өзгерістер мен толықтырулар жасау жағдайлары қаралуда. Сол себептен МӘМС жүйесінің толық жұмыс жасауына кедергі келтірген белсенді емес тұрғындар

– жеке клиника, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 2 есеге артық. Қазіргі уақытта облыс бойынша 36 млрд теңгеге 65 медициналық мекемемен келісімшарт жасалды. Оның 34-і, немесе 52%-і жекеменшік клиникалар үлесінде. Биыл кепілдендірілген көмек пакеті шеңберінде қызмет көрсететін жекеменшік клиникалар саны өткен жылмен салыстырғанда 30%-ке артты.

Өткен жылы Қор тұңғыш рет медициналық қызметтерді жеткізушілермен, соның ішінде емханалармен жұмыс



МӘМС: ЖАҢА ЖҮЙЕНІҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?

азаматтарға мемлекет жарнаны 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап өткен екі жылды қоса алғандағы орта айлық жалақының 4% көлемінде 14 санат бойынша ай сайын аударып отырады. Аударылған аударымдар мен жарналар Ұлттық банкте сақталына және Қордың ресми сайтында ашық көрсетілім табады.

МӘМС жүйесінің заңына толықтырулар мен өзгерістер енгізілуіне себепкер болған еліміздегі әлеуметтік мәртебесінің мемлекеттік ақпараттық жүйелерде өзектендірілмеген белсенді әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға байланысты болып келді. Соған сәйкес тек МӘМС жүйесіндегі көрсетілетін медициналық қызметтердің енгізілуі екі жылға кейінге шегерілді, яғни 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылады және аударымдар мен жарналарды төлеу тәртібі мен мөлшерлерінде де өзгерістер болды. Атап айтқанда, 2018-2020 жылдарға белгіленген МӘМС жарналары мен аударымдарының мөлшері жұмыс берушілер (оның ішінде ЖК мен ШК иелері өз жұмыскерлері үшін жұмыс беруші ретінде) 2018-2019 жылдары – 1,5%, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап – 2%, жеке тұлғалар 2018-2019 жылдар төлемейді де, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЖК (өзі үшін) екі еселенген ең төменгі жалақыдан – 5%, АҚК негізінде еңбек ететін тұлғалар 2020 жылы айлық табысынан – 1%, 2021 жылдан бастап – 2%, өзге санаттар ең төменгі жалақыдан – 5%. Мемлекет 2020 жылы жеңілдігі бар санаттар үшін мемлекеттік статистика органы тарапынан өткен 2 жылға бекітілген орта-

жыл соңына дейін нақтыланса, онда жүйе 2019 жылдың 1 қаңтарынан енгізіліп кетуі мүмкін. Осы уақытта тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакеті және Медициналық сақтандырудың медициналық пакеттерін нақты бекіту жұмыстары жүргізілуде.

Қордың қазіргі жағдайы туралы айтып өтсеңіз.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мақсаты – кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакетінің қаржы операторы, ал жақын болашақта медсақтандыру пакеті бойынша стратегиялық сатып алушы ретінде жекеменшік секторды қызмет көрсетуге көбірек тарту, сол арқылы медицина нарығында бәсекелестікті күшейтеу. Өйткені, бәсеке бар жерде сапа болады. Осы мақсатта өткен жылдың қыркүйек айында Қор аталған бағдарлама шеңберінде қызмет көрсетуге ниетті денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорын жасаған болатын. Дерекқорға енгізілген медициналық мекемелер 2018 жылға халыққа «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі» бойынша көмек көрсететіндер. Еліміз бойынша мемлекеттік тапсырысты орындауға ниетті, әрі әлеуеті жеткілі деген 1600-ден астам денсаулық сақтау субъектісі дерекқорға енді. Оның 49 проценті – жекеменшік клиникалар. Бұл жекеменшік ұйымдардың қор бастамасын көндіп, медициналық қызмет көрсетуде белсенділігін танытқанын көрсететін негізгі дәйек.

Облыс бойынша айтар болсақ, Қордың дерекқорына қазіргі таңда 83 медициналық мекеме тіркелді, оның 49-ы

істеуді қолға алған болатын. Олармен бекітілетін келісімшарт сомасы тіркелген тұрғындар санына тәуелді. Жыл басынан бері елімізде кейбір емдеу мекемелерінің азаматтар атынан тіркеу жөнінде жалған өтініштер жазып, оларды өздеріне тіркегені туралы, сондай-ақ, тіркеуден ешбір негізсіз бас тарту фактілері туралы шағымдар түсті. Қазір Қор мамандары осындай шағымдар негізінде жан-жақты жұмыс істеуде. Алайда мәселені түбегейлі шешу үшін азаматтардың құжаттарын қабылдау тәртібін өзгертіп, процесті адам факторларының қатысуынсыз ықпал ету керек. Сондықтан қазір осыны ХҚКО арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер респонденті енгізу туралы ұсыныс дайындалып жатыр. Жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып, тіркеу ережесіне де толықтырулар енгізу көзделуде. Әрине, жаңа қызметтерді іске қосуға біраз уақыт қажет. Сондықтан Қор осы бағытта жұмыс басталған кезде қосымша хабарлайтын болады. Оған дейін азаматтарды еманхаға тіркеу тәртібі бұрынғыша: egov.kz порталы немесе емханалардың тіркеу бөлімі арқылы жүргізіле бермек. Бұдан басқа, қазақстандықтарға сақтандыру төлемдері жайлы мәлімет алуға мүмкіндік беретін жаңа мемлекеттік қызмет турлерін әзірлеп, еманхаға тіркеу процесін жылжыту жоспарланып отыр. Атап айтсақ, бұл бағытта азаматтар МӘМС жүйесіне қатысу және төленген жарналар туралы мәліметті халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы алу мүмкіндігіне ие болмақ. Мысалы, қазір осыған ұқсас қызметтерді «электронды үкіметтің» egov.kz порталы

арқылы алуға болады. Ол үшін электронды цифрлық қолтаңба қажет. Цифрлық қолтаңбасы бар кез келген азамат «жеке кабинетке» кіріп, МӘМС төлемдерінің соңғы рет қашан жасалғанын анықтап біле алады.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакеті (ТМККК) пен МӘМС жүйесінің медициналық пакеттері туралы жан-жақты түсіндіре отырамыз.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі Мемлекет басшысының биылғы Жолдаудағы тапсырмасы негізінде онтайландырылып жатыр. Тегін медициналық көмектің жаңа нұсқасы әрбір адамға шұғыл және алғашқы медициналық көмек көрсетуге, қоғамдық мәні бар ауруларды мемлекеттік бақылауға алуға негізделген. Ал, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакетінің жаңа үлгісімен қатар енгізілетін міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті оның кем-кетігін толықтырып, азаматтардың өмір сапасын жақсартуға, ұлт саулығының іргетасын қалауға ықпал етеді. Яғни, шұғыл көмек пен мемлекет тарапынан реттеуді талап ететін саланың бәрі тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі пакеті есебінен жүзеге асырылады. Ал, кепілдік берілген тегін көмекке кірмейтін қосымша қызметтер МӘМС жүйесі арқылы көрсетіледі.

Амбулаторлық деңгейде берілетін тегін дәрі-дәрмекті әлеуметтік маңызды бар аурулар да, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде динамикалық бақылауға алынатын науқастар да ала алады. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне кірмейтін науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету МӘМС есебінен жүргізіледі. Сонымен қатар қазіргі кезде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен МӘМС жүйесінің медициналық пакеттері кезең-кезеңмен жүзеге асуда. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі жаңа үлгісінде медициналық пакеті бойынша барша азаматтарға жедел жәрдем және санитарлық авиация, бастапқы медициналық-санитарлық көмек, шұғыл жағдайларда стационарды алмастыратын және стационарлық көмек пен паллиативті көмек кіреді. Ал, әлеуметтік маңызды бар аурулар, негізгі зиялмалы аурулар кезінде консультативті-диагностикалық қызмет, амбулаторлық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, жоспарлы стационарлық және стационарды алмастыратын көмек және туберкулезге шалдыққандарды медициналық оңалту жатады.

МӘМС (сақтандырылғандарға арналған) жаңа үлгісіндегі медициналық пакетіне консультативті-диагностикалық көмек, ересектерді профилактикалық тексеруден өткізу, балаларды мамандандырылған деңгейде тексеру, бағасы қымбат зертханалық қызметтер кіреді.

Сұхбаттасқан Айнұр БАТТҰЛОВА, «Сыр бойы».

ЖОЛАУШЫЛАР ТЕРМИНАЛЫ БОЙ КӨТЕРМЕК

Биыл аймақтағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары мен елді мекендер көшелерін жөндеуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға 13 жарым млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, 278 шақырымға жуық жол жөндеуден өткізіледі. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен интернет конференцияда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дамир Тілеуов мәлімдеді.

Оның айтуынша, бүгінгі күні 5,1 млрд теңге игеріліп, 82 шақырым жол мен көшелер жөндеуден өткізілген. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткіші 63,5 процентті көрсетуде. – Қазіргі таңда Сырдария өзенінің сол жағалауындағы қозғалысы реттелетін жалпы қалалық маңызы бар магистральді көше жолдарын Ғ.Мұратбаев көшесі бойындағы бұрыннан бар көпірден «Ба-

тыс Еуропа – Батыс Қытай» автотрассасына дейін салу жұмыстары жүргізілуде. Ол үшін 600 млн теңге көлемінде қаржы бөлінді. Оған қоса сол жағалаудағы қорғаныс бөгетінің жанындағы ұзындығы 7,2 шақырым болатын жалпы қалалық маңызы бар магистральді көшенің жол құрылысын салуға 300 млн теңге бөлініп тиісті жұмыстар атқарылуда, – деді Д.Маратұлы.

Мұнан әрі сала басшысы өңірдегі азаматтықавиацияныдамынатоқтады.

Бүгінде Қорқыт ата халықаралық әуежайы арқылы аптасына барлығы 32 тұрақты рейс шығады. Оның ішінде Астанаға – 12, Алматыға – 13, Қарағандыға – 1, Атырауға – 2 және Мәскеуге 4 рейс. Осы уақытқа дейін халықаралық 18 рейс орындалып, 4146 жолаушыға қызмет көрсетілген. Жалпы I жартыжылдықта әуежайдан барлығы 46 мыңнан астам жолаушы жөнелтілген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 5,2 процентке төмендеп отыр.

Әуежайда халықаралық бағыттағы әуе желісін дамыту мақсатында «Таджик Эйр» әуекомпаниясымен келісім шарт жасалған. Ең басты жаңалық – «Қызылорда қаласындағы «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы құрылысы» жобасын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмі арқылы

іске асыру жоспарлануда. – 2015 жылы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы «KazakhstanProjectPreparation Fund» ЖШС мен жаңа жолаушылар терминалы құрылысының МЖӨ жобасының тұжырымдамасын әзірлеу және жобаны сүйемелдеуге келісімшарт жасалған болатын. 30 шілдеде екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, жекеменшік әріптестік анықтау үшін қайта конкурс өткізілді. Қазіргі сәтте конкурсқа «ВІ – Industrial» ЖШС қызығышылық танытып, жобаның техникалық ұсынысын әзірлеуде, – деді Дамир Тілеуов.

Жыын соңында БАҚ өкілдері тарапынан сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

QURBAN AIT I

ҰЛЫ ҒИБАДАТТЫҢ ШАПАҒАТТЫ ШАҒЫ

Мұқым мұсылманның қасиетті мерекесі Құрбан айт та келіп жетті. Айт күндері құрбан шалу ұлық ғибадат. Құрбан шалудағы ең маңызды жайт - оны Алла атымен арнап сою.

Әбу-Ханифа құрбандық етін жеуге де, таратуға да болады дейді, алайда ол уәжіп емес. Бұйрық түрі үнемі уәжіпті талап етпейді. «Пақырды тойдырыңдар» деген бұйрық байларға берілмесін деген мағынаны білдірмейді. Өйткені сахабалар құрбанның етін бай, кедей көрші-қолаң мен туыстарына да беретін. Осы тұрғыдан қарағанда құрбан айт күндері шалынған миллиондаған құрбанның еті - бай-кедей, жетім-жесір, кедей-кепшік, жас-кәрі, әйел-еркегімен бүкіл адамзатқа сый ретінде қабалданып, осы үлкен жақсылықты нәсіп еткен Разақ жаратушыны естен шығармай, мерекенің кең көлемде аталып өтуі тиіс.

Сахабалар Пайғамбарымыз саллаллаху әлейхи саламның құрбандық шалуға жағдайы жоқ адамдардың атынан да мал сойғанын айтып кеткен.

Ендеше, жағдайы бар мүмкіндердің ардақты Пайғамбарымыздың ұмыт болып бара жатқан осы бір сүннетіне қайта жан бітіргені абзал һәм мол сауап емес пе?

Мүмкіндер амалымен жете алмайтын саунақа ниетімен де жете алады дейді қасиетті кітаптарымыз. Мұсылманға «Әркімнің ісі ниетіне қарай бағаланады. Мүмінге ниеттенген әрәсінің сауабы беріледі» деген хадистер жеткен. Сол

себепті құрбандық шалуға шамасы жоқтар: «Рабым, мүмкіндік нәсіп еткеніңе мен де құрбандық шалар едім» деген таза ниетте болса, Алла оған да құрбандық шалған жанның сауабындай сауап жазады екен.

«Құрбан айт күнін мереке ретінде атап өтуге маған бұйрық келді. Бұл күнді Алла тұтас үмбет үшін мереке қылды» деген Пайғамбарымыз саллаллаху әлейхи салам. Сол кезде бір кісі: «Уа, Алла елшісі, менде елдің аманат ретінде табыстаған малынан басқа мал жоқ. Сол малдан құрбандық шалсам бола ма?» деген. Пайғамбарымыз оған шашынды, тырнағынды қысқартып, су тимейтін жерлеріңді де жуып, тазалануың Алла есебінде сен үшін құрбандық шалғанмен тең деген жауап айтқан.

Демек, біз бұл күні таза болып, ниетімізді түзеп, бір-бірімізге қол ұшымызды созып, мүмкіндік болса, құрбандық шалудың рәсімдерін орындап, жарқын жүз, жылы жүрекпен ел ішінде болуымыз керек.

Себебі құрбан айт дүниеқұмарлықтан, сараңдықтан алыстатып, Алланы еске алып, шүкір етуімізді сұрайды. Шексіз жомарт Алла бізге бәрін берді, құлдары да Ұлы Иеге қайтарым жасауға тиіс.

Расында, біздің бір-бірімізді сыйлап, жақсы көруіміз Алла ризашылығына бөлейді.

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

ТҮҒАН JERDІН PERZENTTERI I

ЖОЛДЫҢ ТАНАБЫНДА ҚОЛДЫҢ ТАБЫ БАР



Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сия болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар.

Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс.

H. Назарбаевтың «Болашаққа бадар: рухани жаңғыру» мақаласынан.

Біз күн сайын жосылған жолдарға түсіп, көсілген көлікпен жүйткіп бара жатамыз. Сол бір дала тамырында қанша жұмыскердің тері төгіліп, қара жолға сіңген қаншама қолдың ыстық табины бөтке ұрып жататынын білеміз бе? «Жолаушының ақысы жүрсе бітеді», - деп, әрине, мұндай терең сырға бойлай бермесіміз анық.

Кенес дәуірі кезінде осы облыс көлеміндегі асфальт жолдардың тонын тоздырмай, жонын жұдптей тынымсыз жұмыс істеген мекеме болатын. Әуелде ДЭУ-14 болған сол жолшылар мекемесі кейін 531 болып қайта құрылды. Арал мен Жаңақорған арасындағы «Самара-Ташкент» бағыты аталатын күрежел республикалық бағытына болғанмен, 3-ші санаттағы жолдың ағымдағы жөндеу жұмыстары сол ДЭУ-531-дің құзырына қарай, А.Василевский, А.Жәрімбетов, Т.Бәйімбетов, Ә.Қалымбетов секілді білікті мамандар басшылық жасады.

Осы мекемеде табан аудармай 38 жыл қызмет еткен орташа және күрделі жол жөндеу прорабы Пирназар Төлегеновтің есімі бүгінде қатары сиреп қалған әріптестері арасында бейтарап қадірленді. «ҚР Құрметті жолшысы», зейнеткер Досмақұлы Қуаныш ағамыз ол кісі жөнінде былай әңгімелейді:

«Мейілыр қақаған қыста да, қаталаған ыстықта да дамыл таппайды. Тынымсыз, міндетіне матаққа маманың бірі Пирназар аға болатын. Бекітіліп берілген көлігі бола тұра, оны мекеменің мүддесіне жұмсап жіберіп, өзі дөңгелеген біреуге мінгесіп кететі екен. Денсаулығында қарамайтын. Бір күні жұмыс басында ағаның қисайып кеткен бетін көріп, шошып кеттік. Жүйкеге суық тигеннен болыпты. «Ойбай, орныңызға біз істейміз» деп емделіп келуге зорға жібердік. Содан алтын ине салдырып жазылып шықты. Ол кісі басшылықтың айтқанын атысының тапсырмасындай орындайды, аузынан ешқашан да «бармаймын!» деген сөз шықпаған адам.

Жөндеу деп аталғанмен кейде шақырылмаған жолдарды жаңалап саламыз. Дәл бүгінгі күнгедей бес қаруы сай техника жоқ, қолмен атқарылатын ауыр жұмыс көп еді. Бір жылы сол ауыр жұмыс үстінде Нәзира деген жұмысшымыз қайтыс болды. Жүрт жол азабын тартпасын деп, бар азапты өзі тартқан қаншама жандар денсаулығынан айрылды.

Пирназар аға зейнетке шыққан соң да осы мекеме жұмысын жалғастырды. Басшылық жібермеді. Тәжірибесін пайдаланды.

Аға өзінің берік ұстанған адамдық қағидаларымен де айналасына сыйлы бола білді. Жақсы көрген, жетік меңгерген мамандығының қырсырын кейінгілерге үйретіп, оларды жақсы маман болуға бауылды. Сондай шәкірттерінің бірі Серік Бсқақов жол саласының майталманы атанып, абырой иеленсе, енді бірі Тұрар Бәйімбетов үйренуші-денемес басшысына дейінгі сатыдан өтті.

Қуаныш аға осылай дейді. Біздің білгеніміз 1928 жылы қазіргі Сырдария

ауданы Айдарлы аулында дүниеге келген әкеміз бар өмірін еңбек пен ағайынна, отбасына ғана арнаған адам. Жас кезінде бір мылтықпен бір ауылды асыраған мерген болыпты. Қоян-қырағулыды сүйретіп келіп, әр есіктің алдына лақтырып кетеді екен. «Пирназардың атқышы-ай» дегендер де болыпты. Соған сұқ өткен, бір күні мылтығы теріс атылып, екі саусағын жұлып кеткен. Айта берсе, бұл кісінің жақсы қасиеттері атанға артарлық.

«Анадан туғанда бойға дарыған қасиетін өле-өлгенше жоғалтпаған жан. Жұманазар ағасының алдына шықпайтын, сөзін бөлмейтін. Ағасы тұрғанда өзі біліп тұрған нәрсені айтпайтын. Ол кісіні замандастары «Пирназардың етегіне намаз оқуға болатын адам» деп дәріптеуші еді» - дейді інісі Қожахмет.

Пирназар әкеміз мектеп бітірген соң әнші боламын деп талпыныпты. Домбырамен ән салып, күй тартатын туабітті таланты болыпты. Бірақ Төлеген ақсақал «әртіс боламы несі, еңбек ет!» деп баласының желігін басып тастаса керек. Мүмкін пешенедегі жазуы осы шығар, дегенмен көкеміз сахна өнеріне келсе де, аты алысқа кеткен дарын иесі болатыны даусыз еді.

Мені әсіресе Пирназар әкенің кеңдік, көрегендік, мейірбандық секілді адами құндылықтары қызықтырады. Кітап, газет оқымаса бір сәт те отыра алмайтын көкеміздің кеудесі де жазылған кітаптап екен.

Мына бір оқиғаны естігенде ол кісінің көңіл дархандығы мен жастардың қамын жейтін қомқорлығына тәнті болдым. Бірде өзінің қызметтік көлігін айдаптын жас жігіт: «Аға, ертен мені жұмыстан босата аласыз ба, үйімді көшірмек едім» - депті. Сөйтсе ол жалдамалы пәтерде тұрады екен. Пәтер жалдаушының жағдайы белгілі ғой, қожайыны жақтасаң, «ғитме күрке керек» деп шығарып жібере салады.

Ертенің Пирназар көкени мекеме бастығы шақырады. Қолын қысып тұрып:

«Сіз осы ұжымның ең іскер, ең үлгілі мүшесісіз. Мекеменің салған үйінен сізге пәтер бөліп отырмыз, - деп құттықтайды. Сізге көкеміз қуанып кетіп:

«Сол пәтерді менің шопырыма беріңізші, - депті. - Сізге ше? - дейді бастық сәл тосылып. - Менің ер жеткен екі балам бар, үйді өзім салып алам. Ал, мына шопырдың баласы әлі бекітпек жатыр...»

Сөйтіп, көкеміз өзіне тиесілі болған екі бөлмелі пәтерді алты аласыз жас отбасына бергізіпті. «Жол салғанын сауабы мол» дейді дініміз. Лайым, солай болғай. Көкеміз тарихқа белгілі Тұрсынбай дақтанның тұқымы Бибайша анамызбен бірге артына тәрбиелі ұрпақ қалдырды. Валаларының бәрі жоғары білім алды. Бүгінде немересі Нұрсұлтан - «Қызылорда жылу электр стансасының» энергетигі. Атасының ізгі қасиеттері осы немересіне түгел көшіп алған секілді дейді отбасындағылар.

Осындай оялы өмір кешіп, адал еңбек еткен Пирназар әкемізді мекемесі зейнетке жеңіл автокөлік сыйлап шығарып салды. Біршыраа Үкіметтің, министрліктің де марапаттарын иеленді. 1994 жылы дүниеден озды.

Бірақ, ең бастысы жол танабында қолының табы қалды. Оны бүгінгі ұрпақтың сезінуі тиіс.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

ГІBRAT I

Орта бойлы, жігіт ағасы келіп сәлемдесті де: - Осы айдың 23-жұлдызында әкеме ас бермеуші едім, соған шақыра келдім, - деді. - Ал-л, екеңіз кім еді? - Әбжәми Сарымсақов. - Ау-у, «Аралтұздың» айтулы қомбайнері, Социалистік Еңбек Ері Сарымсақов па? - Иә, иә... Мен сол кісінің Оразғали есімді баласымын. Архивімді ақтардым. 1971-жылдың шілдесінде жазылған «Айтулы Еңбек Ері» деген мақаламның көшірмесі бар екен. Сол қалпында бастаға ұсынып отырмын.

Он үш жастағы Әбжәми тұн ортасы ауа шырты ұйқыдан шошып оялды. Анасы Жазық та көптен сырқат еді. Ол да баласымен бірге ұшып тұрды.

- Балам-ай, саған не болды? - деп үрейлі ана не істерге білмей жан-жағына елеңдеумен болды.

- Жүрегім аузыма тығылып барады. Қорқынышты бірдеңелер ұйқы бермеді. - Әбжәми жастыққа тағы қисайды.

Біраздан кейін ол тағы шошып оялды. Таң апақ атқанша баласы да, анасы да ұйқы көрмеді. Сол күннің ертеңіне үрейлі хабар естілді. Неміс басқыншыларының елімізге зұлымдықпен басып кіргендігі мәлім болды. Әбжәмидің жазғы демалысы шыққан кезі еді. Үлкен де, кіші де жұмысқа кіріп жатыр.

кезден арманым. Сол арманыма жетуіме көмектесіңіз, сіздей механик болғанша осында істеп бағамын. Онан арғысын тағы көре жатармыз.

Баланың сөзі нық. Жас та болса жалын атып тұр. Әрі өзі тым ықыласты екені сезіледі. Дмитрий Семеновичтің балаға жаны ашып кетті. Әйтсе де біраз ойлануға тура келді. Қиын болады-ау, деп біраз кідірді.

Соғыс жылдары тұз комбайнының қуаты айтарлықтай емес-ті. Жиі-жиі тұрып қалатын. Осы себепті де арнайы бір адам рельске тұз төсеуге бөлінетін-ді. Міне, Әбжәми осы жұмысқа орналасты. Ол осында істей жүріп тұз комбайндарынан көз айырмайтын. Комбайнның машинистерін мазалап оны-мұны сұрай беретін. Олар үзіліске шыққанда



АЙТУЛЫ ЕҢБЕК ЕРІ

Олар өз еңбегімен, майдандағы жауынгерлерге осындай тілектестігімен жаудың қара ниетіне соққы бермекші еді. Әбжәми мен шешесінің алдында мынандай сауал тұрды: не істеу керек? Әбжәмидің әкесі ертеректе дүние салған-ды. Әкесі алғашқы тұз қазушылардың бірі болатын. Жас Әбжәмидің оған еріп тұз айдынына талай рет келгені бар-ды. Ол жылдары тұзды көлден түйемен тартатын. Бертін келе машинамен қаза бастады. Бірақ, бұлар да мардымды емес-ті. Жас Әбжәми осы көріністерге қарап тұрып, алып машинамен жер қойнауының байлығын қолдары, тұз дегенінді тонналап шығарып, тау-тау ғып үйіп тастауды армандайтын.

Жазық ана баласына шүйіле түсіп сырқат көздерін қадап біраз отырды да, жұмсақ үнмен былай деп:

- Екең болса ерте дүние салды. Қыз апаларың тұрмысқа шығып кетті. Иә сенің, иә менің жұмысқа кіруіміз керек. Бұған сен не айтасын, балам?

- Жо-қ, апа, сіз ешқайда бармайсыз, мен бәрін де өзім тындырамын, - деп жұмысқа баруға ыңғайланды... Ана көзіне жас алды. Бейбіт елдің тыныштығын бұзған жауыздарға іштей нағызлетті жаудырып өтті. Сосын өзін-өзі тежеп, баласына жақсы бір тілек айтпақ боп ойланап қалды.

- Талабыңа нұр жаусын, жолың болсын, ұлым, - деді ана көңілі босап.

Сөйтіп, 1941 жылдың маусым айында он үш жастағы Әбжәми тұз айдынына қарай жол тартты. Оның тұз комбинатында басқа да жеңіл-желпі жұмыс атқаруына болатын еді. Алайда, оған көңілі соқпады. Неде болса өзінің алғашқы қадамын ауыр жұмыстан, әкесі болған тұз алқынынан бастамақ болды. Ол жылдары тұз көліне де бармағаны екі комбайн жұмыс істейтін-ді. Әрқайсысында төрт ауысым бар. Тәулік бойы демалысыз жұмыс істейді де тұрады. Бұл екі комбайнның механигі Дмитрий Семенович Құрбатов өзі жас, қағылз, сақа сирақ, жүдеу баланы жұмысқа қабылдауға ықыласының жоқтығын байқағты.

- Балақай, сен тұз өңдеу цехына бар, ондағы жұмыс мұнан әлдеқайда жеңіл, - деді ол, - бізде күн-түн дамыл болмайды. Түнгі сменада істеуіңе тура келеді. Әсіресе күн суы мүлде қиын болады. Бір жағынан түнгі ұйқы қысқанда жігіттің жігіті-ақ шыдайды.

- Мен оның бәрін көнемін, аға! Егер бір рет болса да шикілігің сезілсе, сол сәтте қуып жіберіңіз. Түк ренжімеймін. Көріп тұрсыз ғой, боркөмік босала емеспін. Жүдеу-жадау болғаныммен, денем тарамыз, әбден шыныққанмын. Мұнда істеу менің бала

бұл штурвалға мініп отыратын.

- Түс бері, тамаққа кел, - деп шақырса да Әбжәми қозғала қоймайтын.

- Түбі осыдан бірнәрсен шығады, - деп мақтайтын оны аға машинист Ақан Аймағамбетов.

Әбжәми Сарымсақов жас та болса тұз төсеу міндетін өте ұқыпты атқарды. Ағаларынан алғыс алды. Механикке де, машинистерге де әбден жақты. Сөйте жүріп комбайнды жүргізуді құлшына үйрене білді. Жеті-сегіз ай өткеннен кейін машинист Ақан Аймағамбетов оны көмекшілікке қуана қабылдады.

- Бұл машинада тіл жоқ, ол қуанышын да, күйіншіні де саған айттып жеткізе алмайды, оның бар құпиясын үнсіз ұғуға тиіссін, ол үшін көп іздену керек, көп оқу керек, - деді машинист Аймағамбетов балаң жігітті өзіне баули түсіп.

Осыдан дәл екі жыл өткеннен кейін Әбжәми машинист болып, өзі дербес штурвалға отырды. Яғни, 16 жасында аға машинист атанды. Кешкі жастар мектебінде оқып, онжылдықты тауысты. Ол сменін көбіне-көп бұрынғы ұстазы Аймағамбетовке тапсырып жүрді. Бірде сол ұстазы жұмысқа ерте келді. Ондағы ойы бұрынғы шәкіртінің машинамен тұзды қалай қазып жатқанын көру еді. Қалт жіберген жері болса ескерту жасамас еді. Қоңыр күз болатын. Тұз көлі бұйраланып жатыр. «Байлығымды бере алмаймын», деп қасарысатын сияқты. Алайда, онысы болар емес. Мынау сылыңғыр жас жігіт одан да сұсты, «берсен қолыңнан, бермесен қолыңнан» дегенді қаһарлана түседі. Ақан шәкіртіне разы болып кетті.

- Жарайсың, інім, жарайсың! - дей берді ол штейі.

Әбжәми Сарымсақов еңбек ете жүріп оқиды, үйренді. Ойын да, ісін де дамыта түсті. Ол штурвалда отырған машинада ақау болып көрген емес. Ол басқарған ауысым нормасын асыра орындамай қалған кезі жоқ. Үлгі еңбекші, ылғи мақтау алудан болды. Оны тұз комбайндарының механигіне де, тіпті олемсау, бүкіл комбинаттағы механиктер паркінің механиктеріне де жоғарылатты. Бірақ, оның бар ынтыс тұз көлі еді. Табиғаттың сол байлығын мейлінше көп өндірудің басы-сыңда жүру еді. Бірде «Басқұнықтан» істен шыққан тұз комбайнының бөлшектері келді. Соны құрастырып, жұмысқа қосу қажеттігі туды.

- Мұны кім жүзеге асыра алады? - деп комбинаттың директоры механизаторларға сауал қойды.

- Кім жүзеге асырса, сол адам штурвалы-

на отыратын болсын, - деп Ә.Сарымсақов ұсыныс енгізді.

- Мейлі, солай-ақ болсыншы, - деді техниканың тезірек іске қосылуын ойлап отырған директор, ал бұған жең сыбанып кім шығады?

- Мен шығамын, - деді Әбжәми қолын көтеріп.

Комбайнды Әбжәми лезде-ақ құрастырып, іске қосты.

Штурвалда өзі отырды. Оның механизмдер паркіндегі механиктік қызметін тынымсыз жұмысқа, тұз комбайнының машинистігіне айырбастағанына жұрт таң қалды.

- Бұл өзі бір түрлі қызық адам, - десті ол туралы жұрт.

Қазір Ә.Сарымсақовтың тұз көлінің таңдаулы машинисті атанғанына отыз жылдан асып барады. Ол он үш жасынан бастап осында істейді. Бұл іске өзі кәміл үйреніп алды. Және мүлде бауыр басып кетті. Тұз көлі оның екінші үйі іспетті. Бір кезде өзі шәкірт еді, ал оның қазіргі шәкірттері ондап санала-



ды. Тұз комбайнының қазіргі машинистері Т.Сейталиев, Ж.Наушаев, Е.Жәрімбетов, К.Иманалиев және басқалары сол Әбжәмидің шәкірттері, одан үйреніп шыққандар.

Әбжәми Сарымсақов бесжылдықтың өзінде ғана жоспардан тыс 52 мың тонна тұз өндірі. Оның сменасына коммунистік еңбектің үздігі атағы берілді. Ол комбинаттағы таңдаулы рационализаторлардың бірі. Қазіргі бесжылдықта 19 рационализаторлық ұсыныс енгізді. Оның экономикалық тиімділігі 42 мың сом құрады. Ол басқаратын смена жағармайды, материалды өте ұқыпты жұмсайды. Осының нәтижесінде бес жыл ішінде тоғыз мың сом үнемдей алды.

Ә.Сарымсақов еңбекті ғылым негізінде ұйымдастырудың арқасында бес жылда еңбек өнімділігін 24 процентке арттыруды қамтамасыз етті. Оның осындай еңбектері ірі жеңістері жоғары бағаланып, оған КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының 1971 жылғы 21 сәуірдегі жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» медалі қоса тапсырылды. Бұл жақсылық хабарды естіген ауылдастары, еңбектес достары:

«Еңбегіне лайық баға!» деп қуанысып қалды.

Бұл шынның да оның көп жылғы еңбегінің жемісі де, жеңісі де еді.

Әбжәми Сарымсақов кезінде аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық және поселкелік кеңестің депутаттығына әлденеше рет сайланды. Кенттегі депутат тобына ұзақ жыл бойы жетекшілік етті. 1978 жылы оның есімі облыстық «Еңбек даңқы» кітабына енді. 1980 жылы халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің бірінші дәрежелі дипломымен марапатталды. Өбекең одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер де еді. «Аралтұз» комбинатының 75 жылдық мерекесінде оған «Ғасыр тұзшысы» деген құрметті атақ берілді.

Көзі тірі болғанда биыл Әбекеңнің 90 жылдығы тойланар еді.

Амал қайсы, жазмыштан озмын жоқ деген осы. Жұбайы Сағира Ернұқызына екеуі алтын асықтай Ғалия, Ұлыра, Оразғали, Айзада, Нұртуған есімді ұл-қыз өсірді. Олар әртүрлі мамандық иелері. Тәуелсіз қазақ елінің көркеюіне лайықты үлестерін қосуда. Солардан тараған 17 немересі мен 26 шөбересі құлпырып өсіп келеді. Олар ертеңгі күні Еңбек Ері болған қаһарман атасын мақтан етіп, жақсы ісін жалғастыратын болады.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТҰЛЫ, дербес зейнеткер.

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР САПАЛЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Фитосанитариялық қауіпсіздік - аграрлық саладағы ең өзекті мәселенің бірі. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті арттыру, әсіресе, елімізге жана нарықтың ашылуы бұл өңірмізде фитосанитариялық қауіпсіздік саласын одан әрі нығайтулы жақт етеді.

Қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі №507-о санды өкімімен жұмысшы тобы құрылды.

Осы жұмыс тобы биыл да өз жұмысын жалғастырып, ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы іс-шараларды өз денгейінде атқарды. Облысымызда зиянкестердің ішінде ең қауіпті ретінде италиялық прус және азиялық шегіртке түрлері тіркелген.

Биыл облысымызда ерекше қауіпті шегірткеге қарсы 143592 гектарға өңдеу жұмыстары жүргізілді. Барлығы 1270,0 мың гектар аумаққа мониторингтік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мақсатқа 29 автокөлік, 32 маман, келісім-шарт бойынша 26 зерттеуші қатысты.

Осы химиялық өңдеу жұмыстарын «ЗапКазФумигация» ЖШС, «Авиа компания Дельта-юг» ЖШС, «НАК Казавия» ЖШС және ЖК «Аққозов» жүргізді. Барлығы 25 техника агрегаттары, 1 дана авиоэрозоль генератор, 4 жеңіл ұшақ, 2 ұшақ және 4 моторлы бүркіш қолданылды. Фитосанитариялық жұмыстар мамырдан 29-на басталып, 2 шілдеде аяқталды.

Жалпы, биыл ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы химиялық өңдеу жұмыстары сапалы әрі тиімді жүргізілді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы дақылдарына және жайылымдық жерлерге ешқандай залал келген жоқ.

Қазіргі уақытта «ФДЖБӨ» РММ облыстық, аудандық филиалы мамандары зиянды және ерекше қауіпті организмдерге қарсы жазғы-күзгі мониторинг жұмыстарын жүргізуде. Оған инспекция тарапынан бақылау жасалауда.

Жаннат ДҮЗЕЛБАЕВА, КР АШМ АӨК МИК облыстық аумақтық инспекция басшысының м.у.а.

КІРІШІ САТЫЛАДЫ
Қызылорда қаласында украиндық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250х120х88 мм, 250х120х65 мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.</



АСТАНА БОЛҒАН АЛҒАШҚЫ ЖЫЛ

«Ол кездегі Ақмешіт – екі этажды үй бірен-саран ғана, өзге үйлерінің басым көпшілігі бір этаждан, олардың басым көпшілігі шикі кірпіштен қаланған, күйдірген кірпіштен салынған аумақты үйлері азғантай, көшелері тар және қисық. Сол көшелерінің екі шетіне де тізілген ағаштар (әсіресе, ақ теректер) қалың боп өскен, көшелерді жиектеп арық түскен. Марк пен Энгельс аталатын екі көшесіне ғана тас төселген, өзге көшелерінің бәрі бұрқұрағат шпан. Үйлерінің төбелері тайпақ, әр үйдің қорасында жеміс бақшасы бар. Сырдарияның теріскей жақ қабағына орнаған Азияның шағын ғана провинциялық қаласы екен». Бұл – Сәбит Мұқановтың «Бір мектебінің» үшінші кітабында жазылған Ақмешіттің астана болған кездегі көрінісі еді.

Қызылорданың Қазақстан астанасы болуымен тарихтың жарқын беттері ашылды. Мемлекеттік мекемелер көшіп келгеннен кейін 1925 жылдың 5 маусымындағы РСФСР Халық комиссарлары кеңесінің жиналысында үкіметтік мекемелер ғимараттары құрылысына 1 млн сомнан артық қаражат бөлу туралы шешім қабылданды. Бұл қаржының алғашқы бөлігі ғимараттар салуға, Сырдария өзенінің жағалауын бекітуге, су айдағыш құрылығын жөндеуге, электр және телефон станциясын салуға бағытталды.

Астананы ауыстыру туралы комиссия Ақмешітке алғаш келгенде жұмыс жасауға арналған бөлме таппай қиналған еді. Қалада ыңғайлы ғимарат жоқтың қасы. Жаңа астанаға 49 мекеме мен олардың 1150 қызметкері көшуі керек болатын. Пәтер мәселесі тіпті өткір еді. Тұрғын үй қоры мұнда тұратындардың өзіне жетпейтін. Жөндеу жұмыстары ұйымдастырылғанмен, құрылыс жөніндегі комиссия шешімімен құрамында 15 тұрғын үй бар 50 жаңа ғимарат салуды бастады. Көшіп келген Үкімет мүшелері мен қызметкерлері коммуналдық қиыншылықтарды бастан кешті.

Қала шаруашылығы реттелмегендіктен, ең басты деген қажеттіліктердің өзі тапшы еді. Мәселен, электр жарығы тек кинотеатрдың шағын генераторынан тарайтын. Халық керосин шам тұтынады. Көше жарығы деген мүлде жоқ. Сол жылы тамызда 22 көше фонарын және 400 шам сатып алу арқылы қаланың аз бөлігі жарықтандырылды. Керосин мен шам сатып алудың қиындықтары сол кездегі газеттерде де жазылған. Қала сумен қамтылмағандықтан, көшедегі арықтарды тұрғындар үнемі ластаумен болатын. Мал суарып, құрылысқа қажетті лай жақтызды. Осыдан келіп жаңа су айдағышқа қаржы бөлінді. Көшелердегі тазалық жайы қаланың астана статусына сай келмейтін. Біртіндеп квартал старосталары сайланып, бұл мәселе де ретке келе бастады.

Қызылорданы астанаға айналдырудың маңызын түсінген Халық комиссарлары кеңесі өз жанынан құрылыс комитетін құру керек деп шешкен еді. Оның құрамына Халық комиссарлары кеңесінің, Мемлекеттік жоспарлау, қаржы комиссариатының, жұмысшы шаруа инспекциясынан өкілдер енді. Құрылыс комитеті жанынан арнайы бюро

құрылып, комитет төрағасы Абылай Серғазиев ленинградтық инженер Александр Будассиге жазған хатында осы бюроға және қала құрылысына жетекшілік жасауды сұраған. Бюроның бас инженері Мұхамеджан Тынышпаев болды. Ол қала құрылысының сапасыз әрі өте баяу жүргізіліп жатқанына алаңдаушылығын білдіріп, бюроны құру туралы ұсыныс жазды.

Бюроның техникалық кеңестерінде мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріне арналған үйлердің типтері бекітілді. Климаттық жағдайға орай, бір жағынан жерасты суы жақын болғандықтан үйлерді бір-қабатты етіп салу туралы шешім қабылданды. Бір жиналыста инженер Ершов «Шығыстық климат жағдайында бірқабатты үйлер ыңғайлы. Американдық миллиардерлер бос жер жоқ болғандықтан, аспанға қарай өрлеп бара жатыр, ал Қызылордада 50, 100 жылдан кейін де мұндай мәселе туындамайды» деген ұяж айтыпты.

Жоспар бойынша қала ескі және жаңа бөлікке бөлінуі тиіс еді. Жаңа құрылыстар жүріп жатқан бөлікте санитарлық нормалар, қауіпсіздік ережелері ескерілді. Көшелердің ені кем дегенде 20 сажын, ал тұйықтар 18 сажын болып, екі бетіне тал егілуі, жолы трамвай, ат және моторлы көлік жүретіндей болу керек деген талаптар қойылды.

Қаланың айналасындағы 8 кірпіш зауыты үздіксіз жұмыс істеді. Бірақ сырттан тасымалданатын ағаш, цемент, шыны жетіспейтін. Құрылыс материалдары құрылыс басына түйемен жеткізілетін.

Сол 1925 жылдың соңына дейін жүрген құрылыс маусымындағы қиындықтар өкіметті тұрғын үйлердің салу құнын арзандатуға мәжбүр етті. Үйлердің жанына салынатын сарай, құдық, басқа да қосымша құрылыстарды ортақ етіп, шаруашылыққа арналған құрылыстарды іргетасыз салу арқылы үнемдеу ұсынылды. Осылайша маусым айынан желтоқсанға дейін 29 ғимарат бой көтерді. Құрылыс комитеті бір жыл жұмыс істегеннен кейін, 1926 жылы оның барлық міндеттері қалалық коммуналдық комитетке жүктелді. Үш жылдың ішінде 20 млн сомға құрылыс жоспары жасалды.

Қызылорда астана болған жылдары мұнда орта оқу және арнаулы оқу орындары, өнеркәсіп және ауылшаруашылық мекемелері, ғылыми-зерттеу институттары өз жұмыстарын бастады. «Еңбекші қазақ» (Егемен Қазақстан) «Советская степь» («Казакстанская правда») республикалық газеттері мен басқа да журналдар, Сәкен Сейфуллин, Беймбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Сабир Шәріпов, Қалмахан



Көшелерге тас төселмегендіктен, қала шаңнан көз ашпайтын еді. Қайта-қайта су сеуіп тұру туралы шешім қабылданғанмен, ол да тапшы. Ақырында үй иелеріне іргелеріне, сауда палаткаларының иелеріне айналасына тас төсеуді міндеттеді. Астана болған алғашқы жылдары қалада монша және азық-түлік жетіспеушілігі жиі орын алатын.

Әбдіқадиров, Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағанбетовтің шығармалары жарық көрді. Саз балшықтан салынған қалада қос қабатты, әсем үлгідегі үйлер сап түзеп, оған сол кездегі мөлшермен есептегенде қыруар қаржы бөлінді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы».



АЗИАДА АЛАМАНЫ

Өткен сенбі күні Индонезия астанасы Джакарта мен Суматра аралының ең ірі қаласы Палембангта XVIII Жазғы Азия ойындарының жалауы желбірдеді. Бәсекеге 45 елден 11000-ға жуық спортшы қатысады. Оның ішінде Қазақстан құрамасының сапында 440 спортшы жарыстың 37 түрі бойынша ел намысын қорғайды.

Азиаданың ресми ашылу салтанаты Джакартадағы Гелора Бунг Карно стадионында өтті. Индонезияда екінші мәрте өтіп жатқан жазғы ойындар алғаш рет 1962 жылы дәл осы стадионда ұйымдастырылған болатын.

Мемлекеттік туымызды боқстан Олем чемпионатының күміс жүлдегері Аманжол Әбілхан ұстап шықты. Осыдан төрт жыл бұрын Оңтүстік Кореяның Инчхон қаласында өткен Азиадада боқстан Олимпия ойындары және Олем чемпионатының күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов алып жүрген-ді. Осылайша, қатарынан екі Азия ойындарында көк туымызды ұстап шығу боқсыларымызға бұйырып отыр.



Қазақстан құрамасы жалпы Азия ойындарында медаль саны бойынша жалпыкомандалық есепте төрт рет төртінші, екі рет бесінші орынды иеленген. Биылғы жеке де осы төрттікке иліну.

Еліміздің спортшылары медальдің басым бөлігін жеңіл атлетика, баяндалу және каноэ, велоспорт, оқ ату, су спорты, көркем гимнастика, дзюдо, күрес, бокс және ауыр атлетика спорт түрлерінен еншілеген. Биылғы бәсекеде бокс спорты үш салмаққа азайғандықтан жүлде саны да азаюы мүмкін. Ал ауыр атлетикадан Қазақстан құрамасының допинг дауына байланысты Халықаралық Олимпия комитеті біздің спортшыларды бір жылға шеттеткен. Сондықтан биыл ауыр атлеттер Азия ойындарына қатыспады.

Ойынның алғашқы күнінде ел байрағын желбіреткен спортшыларымыз бір алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алды.

Алтын медальді семсерлесуші Дмитрий Алексанин, «күмісті» еркін күрестен Данияр Қайсанов және осы спорт түрінен Саятбек Оқасов пен Әділет Дәулетов және қола медальдарды иеленді. Әзірге ел құрамасы жалпы командалық есепте бесінші орында тұр.

Қоржынға алғашқы алтынды салған семсерші Дмитрий Алексанин финалдық бәсекеде Рио Олимпиадасының чемпионы, Оңтүстік корейлік Сан Ен Пакты 15:12 есебімен жеңді.

Қарымды спортшы жарыстың топтық кезеңінде тайландық Коракоте Жиенгауаичайды, 1/8 финалда қырғызстандық Роман Петровты, ширек финалда вьетнамдық Ден Нгуеинді жеңген болатын. Жартылай финалда Алексанин Азия чемпионы, Лондон олимпиадасының қола жүлдегері оңтүстік корейлік Чон Джин Соннан басым түсті.

Осылайша спортшылардың рухы алтынмен көтерілді. Енді өзге де сайысшылар ел қоржынына алтын жүлделер сала береді деп сенеміз.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».

АИТYS



ТӨГІЛДІ КӨКІРЕКТЕН СӨЗ ТӨРЕСІ

Жазушы-ғалым Мырзабек Дүйсеновтің 90 жылдығы құрметіне ұйымдастырылған республикалық ақпарат айтқысы ҚМУ-дың Студенттер сарайында өтті.

Сахна Кенжебай Жүсіповтің арнауымен ашылды. Дәріптеуге де, мақтанға да лайық тұлғаның бейнесін сөзбен салып, өнегесін тілеген өлеңнің ақындығына шабыт бергені анық.

Айтқыстың алғашқы жұбы қызылордалық Айдос Рахметов пен шымылтық Карима Оралова дегеннен өзара жарасымды әзіл мен сөзбен қағытудың сыпайы үлгісін көрсетті.

«Карима, атыңды елге танытқаның, Жырғымен талай жұртты жарытқаның. Көрермен көшеметтеп отырса егер, Қалайша менің жырым ағып-тамсың» – деген Айдосқа Кариманың «Сурап алған шапалақ, жұдырықпен тең болад» – деуі олардың мұнан арғы сөздеріне із салды.

Түркістандық Біржан Байтұовпен айттыққан Нұрмат Мансұров өзінің бабында екенін тағы бір таныта білді. Осы айттыстан санаулы күн ғана

бұрын Сырдария ауданының 90 жылдығына арналған айтқыстың бас бөйгесін олжалаған ақын бұл жолы да бет қаратпайтынын байқатты.

«Құдайым қуат берсе тіл-жағым, Біржаңды шығарайын бір жағына...» – деп келетін суырыпсалмалық шумақтары расында Нұрматтың еркін ойдан ақыны екенін байқатады.

Ең қызық, айшықты айтқы жерлеріміз Мұқтар Ниязов пен Мөлдір Айтбайдың арасындағы сөз қағысы болған сыңайлы. Екі рет «Алтын домбыра» сыйлығын иеленген атақты Мұқтардың мына сөзіне тосылып қалмас па екен деп ернін жымқырған жұрт Мөлдірдің сәтті үежін естігенде бір көтеріліп басылып отырды.

Мұқтар өз кезегінде «Қыдырманың баласы «әуір» деп жылар, Мөлдір Айтбай, болды ғой, сен бір «әуірбай» деп тамаша әзіл қармағын тастады. Мөлдір оған:

Болған соң бұл өмірге өте ғашық, Тұрамын анда-санда шет ел асып. Ұлтымның атына кір келтіргем жоқ, Қаралама жүрсін деп етек ашып. Армениядан машина жекп сағып, Өзіміше бастап кеттім жеке кәсіп.

Түркіеден топли, сөмке әкелдім, Жаңа базар қасынан бутик ашып, – деп керемет жауап қайтарды. Бұл жұптың айтқысы осындаймен қызық болса, тақырыпты ашқан тың ойларымен де құнды деп бағаланды.

Қазылар алқасының төрағасы болған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет сөз қортындысында Мұқтар мен Мөлдірдің айтқысына арнайы тоқталды.

Сонымен, М.Ниязов Шиелі ауданы әкімдігі тіккен 500 мың теңгелік бас бөйгені бөктерді. 1-ші орынның ақшалай жүлдесі Мейірбек Сұлтанханның қанжығасына байланса, екі 2-ші орынды М.Айтбай мен К.Оралова олжалады.

3-ші орынның үш сыйлығы Н.Мансұров, Айдос Рахметов және тараздық Рай Дөңбайға берілді.

Жалпы, М.Дүйсеновтің туған бауыры, рухани атамат Елеусін Дүйсеновтің ерекше атсалысуымен ұйымдастырылған бұл мерейлі шара өз мақсатын орындады деп айта аламыз.

Дүйсенов АЯШУЛЫ, «Сыр бойы».



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданының Өйтеке би кентінде 2018 жылдың 1 қазанында қалааралық «Қазалы Керуен» автовокзалы ашылады.

Автовокзал ғимаратының ішінде – сауда орындары, аумағында – сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) беріледі. Қала-аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне автотұрақ бойынша сұраныс бірінші кезекте ескеріледі.

Байланыс телефондары: 8(7242) 26-37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru

(10-7)

Кезекші редактор Дүйсенов АЯШУЛЫ.